

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 17 наурыздағы № 118 бұйрығы

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 3-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Шәкәрім университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қоғам) болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Инфрақұрылымдық жобалар, мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті (Е. Тоқтыбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне қоғамның жарғысына енгізілетін тиісті өзгерістерді бекітуге ұсынуды;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Нурбек